

СИЛЛАБУС
2023-2024 оқу жылының күзгі семестрі
«7М04205 - Мемлекеттік қызмет және әкімшілік қызмет» білім беру бағдарламасы

Пәннің ID және атауы	Магистранттың өзіндік жұмысы (МӨЖ)	Кредиттер саны			Кредиттердің жалпы саны	Оқытушының жетекшілігімен магистранттың өзіндік жұмысы (ОМӨЖ)
		Дәрістер (Д)	Семинар сабақтар (СС)	Зерт. сабақтар (ЗС)		
92842 Әкімшілік юрисдикция	3	3	6	0	9	7

ПӘН ТУРАЛЫ АКАДЕМИЯЛЫҚ АҚПАРАТ

Оқыту түрі	Циклы, компоненті	Дәріс түрлері	Семинар сабақтарының түрлері	Қорытынды бақылаудың түрі мен платформасы
Офлайн	БП ЖК	Теоретикалық, сараптамалық, интерактивті	Сұрақ-жауап, ситуациялық жағдаяттық тапсырмалар,	Ауызша (офлайн)
Дәріскер (лер)	Мынбатырова Нұрлайым Камбатыровна – з.ғ.к., доцент			
e-mail:	nurlaiym@mail.ru			
Телефоны:	+77017109983			
Ассистент (тер)	Исабеков Ақылбек Кашкинович			
e-mail:	akil_09@mail.ru			
Телефоны:	+77788886967			

ПӘННІҢ АКАДЕМИЯЛЫҚ ПРЕЗЕНТАЦИЯСЫ

Пәннің мақсаты	Оқытудан күтілетін нәтижелер (ОН)	ОН қол жеткізу индикаторлары (ЖИ)
<p>Әкімшілік-құқықтық дауларды қарау және шешу бойынша білімді қолдану қабілетін, мемлекеттік басқару аясында пайда болатын, құқық нормаларымен реттелетін және әкімшілік жауаптылықтың шараларымен қорғалатын қоғамдық қатынастардың жиынтығын және аспектілерін қарастыру, саралау қабілетін қалыптастыру.</p>	1. Әкімшілік құқық теориясын дамытуға, әкімшілік құқықты жетілдіруге арналған статистикалық және практикалық материалдар жинау, әкімшілік-құқықтық заңнаманың тиімді жұмыс істеу мәселелері бойынша ғылыми зерттеулер жүргізу	1.1 құқықтың әртүрлі салаларына қатысты негізгі құқықтық ұғымдар мен категориялардың, институттардың мәні мен мазмұн талдайды;
	2. Әкімшілік құқықтың проблемалық мәселелерін талдау бойынша ғылыми зерттеулер жүргізу, мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманы бұзған тұлғаларды тәртіптік жауапкершілікке тарту туралы мәселені қозғау	1.2 құқықтың әртүрлі салаларына қатысты әкімшілік-юрисдикциялық қызметтің негізгі құқықтық ұғымдары мен санаттарының мәні туралы білімін практикада қолданады;
		2.1 әкімшілік құқық бұзушылықтың құрамы мен белгілерін саралайды
	3. Сот отырысын дайындауға мамандандырылған әкімшілік соттардың судьяларына құқықтық, ұйымдастырушылық және техникалық көмек көрсету	2.2 әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға құқылы органдардың жүйесі мен құзыретіне ғылыми баға береді
		3.1 Әкімшілік іс жүргізу қызметіне қатысты бар фактілер мен мәңжайларды саралайды;
		3.2 қылмыстар мен әкімшілік құқық бұзушылықтарды анықтау және жолын кесу, әкімшілік құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін жағдайларды анықтау жөніндегі іс-шараларды жоспарлайды;
	4.1 процессуалдық құжаттарды дайындау, әкімшілік құқық	

	<p>4. Мамандандырылған әкімшілік соттардың әкімшілік және іс жүргізу құжаттарын есепке алу және сақтау жөніндегі іс жүргізуді ұйымдастыру</p> <p>5. Құқық бұзушылықтардың алдын алуда, анықтауда, жолын кесуде және құқық бұзушыларды жауапқа тартуда бақылау-қадағалау қызметін жүзеге асыру</p>	<p>бұзушылық жасау фактілерін құжаттау дағдыларын меңгерген</p> <p>4.2 процестік, іс жүргізу құжаттарын рәсімдеу, іс жүргізу құжаттарын рәсімдеу кезіндегі бұзушылықтарды анықтау дағдыларын меңгерген</p> <p>5.1 лауазымдық міндеттерін кәсіби орындау шеңберінде бақылау-қадағалау және әкімшілік-юрисдикциялық қызметті жүзеге асыру қағидалары мен қағидаттарын қолданады;</p> <p>5.2 бақылау-қадағалау және әкімшілік-юрисдикциялық қызметтің лауазымдық міндеттерін кәсіби орындау шеңберінде жүзеге асырады</p>
Пререквизиттер	Мемлекеттік қызметті қалыптастырудың негізгі қағидалары; ҚР мемлекеттік органдарының қызметіндегі әкімшілік рәсімдер	
Постреквизиттер	-	
Оқу ресурстары	<p>Негізгі әдебиет:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Күнхожаева Г.Н., Жылқыбай Қ.Ұ. Қазақстан Республикасының әкімшілік құқығы. – Алматы: NURPRESS, 2015. 2. Кемали Е., Журсимбаев С.К. Қазақстан Республикасының сот және құқық қорғау органдары: Оқулық. – Алматы: NURPRESS, 2016. 3. Жетписбаев Б.А., Тыныбеков С.Т., Кусаинов Д.О. Әкімшілік жауаптылық. Алматы: NURPRESS, 2015. 4. Жетписбаев Б.А. Правовые основы административного процесса в Республике Казахстан: Учеб. пособие. – Алматы: Жеті жарғы, 2017. 5. Агапов А.Б. Административная юрисдикция: Учебник. – М.: Юрайт, 2023. <p>Қосымша әдебиет:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Нурмашев У.У., Тоқтыбеков Т.А. Административное процессуальное право РК. – Алматы: Жеті жарғы, 2017. 2. Жетписбаев Б.А. Административный процесс (производство по делам об административных правонарушениях). – Алматы: Жеті жарғы, 2014. <p>Мәліметтердің кәсіби ғылыми базасы</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. «Параграф» АЖ. 2. Кибер Леника. 3. Springer Nature. 4. Elsevier Scopus корпорациялары. <p>Интернет-ресурстар</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. http://elibrary.kaznu.kz/ru 2. ҚР Конституциясы // https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000 3. ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексі // https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000235 4. Қазақстан Республикасының әкімшілік рәсімдік- процестік кодексі // https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K2000000350 5. www.adilet.gov.kz құқықтық базасы 	
Пәннің академиялық саясаты	<p>Пәннің академиялық саясаты әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың <u>Академиялық саясатымен және академиялық адалдық Саясатымен</u> айқындалады.</p> <p>Құжаттар Univer ИЖ басты бетінде қолжетімді.</p> <p>Ғылым мен білімнің интеграциясы. Магистранттардың ғылыми-зерттеу жұмысы – бұл оқу үдерісінің тереңдетілуі. Ол тікелей кафедраларда, зертханаларда, университеттің ғылыми және жобалау бөлімшелерінде, студенттік ғылыми-техникалық бірлестіктерінде ұйымдастырылады. Білім берудің барлық деңгейлеріндегі білім алушылардың өзіндік жұмысы заманауи ғылыми-зерттеу және ақпараттық технологияларды қолдана отырып, жаңа білім алу негізінде зерттеу дағдылары мен құзыреттіліктерін дамытуға бағытталған. Зерттеу университетінің оқытушысы ғылыми-зерттеу қызметінің нәтижелерін дәрістер мен семинарлық (практикалық) сабақтар, зертханалық сабақтар тақырыбында, силлабустарда көрініс табатын және оқу сабақтары мен тапсырмалар тақырыптарының өзектілігіне жауап беретін ОМӨЖ, МӨЖ тапсырмаларына біріктіреді.</p>	

Сабаққа қатысуы. Әр тапсырманың мерзімі пән мазмұнын іске асыру күнтізбесінде (кестесінде) көрсетілген. Мерзімдерді сақтамау баллдардың жоғалуына әкеледі.

Академиялық адалдық. Практикалық/зертханалық сабақтар, МӨЖ білім алушының дербестігін, сыни ойлауын, шығармашылығын дамытады. Плагиат, жалғандық, шпаргалка пайдалану, тапсырмаларды орындаудың барлық кезеңдерінде көшіруге жол берілмейді. Теориялық оқыту кезеңінде және емтихандарда академиялық адалдықты сақтау негізгі саясаттардан басқа «Қорытынды бақылауды жүргізу Ережелері», «Ағымдағы оқу жылының күзгі/көктемгі семестрінің қорытынды бақылауын жүргізуге арналған Нұсқаулықтары», «Білім алушылардың тестілік құжаттарының көшіріліп алынуын тексеру туралы Ережесі» тәрізді құжаттармен регламенттеледі.

Инклюзивті білім берудің негізгі принциптері. Университеттің білім беру ортасы гендерлік, нәсілдік/этникалық тегіне, діни сенімдеріне, әлеуметтік-экономикалық мәртебесіне, студенттің физикалық денсаулығына және т.б. қарамастан, оқытушы тарапынан барлық білім алушыларға және білім алушылардың бір-біріне әрқашан қолдау мен тең қарым-қатынас болатын қауіпсіз орын ретінде ойластырылған. Барлық адамдар құрдастары мен курстастарының қолдауы мен достығына мұқтаж. Барлық магистранттар үшін жетістікке жету, мүмкін емес нәрселерден гөрі не істей алатындығы болып табылады. Өртүрлілік өмірдің барлық жақтарын күшейтеді.

Барлық білім алушылар, әсіресе мүмкіндігі шектеулі жандар, +77017109983 телефоны / nurlaiym@mail.ru e-mail-ы арқылы кеңестік көмек ала алады.

Назар салыңыз! Әр тапсырманың мерзімі пәннің мазмұнын іске асыру күнтізбесінде (кестесінде) көрсетілген. Мерзімдерді сақтамау баллдардың жоғалуына әкеледі.

БІЛІМ БЕРУ, БІЛІМ АЛУ ЖӘНЕ БАҒАЛАНУ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

Оқу жетістіктерін есептеудің баллдық-рейтингтік әріптік бағалау жүйесі				Бағалау әдістері	
Баға	Баллдардың сандық баламасы	% мәндегі баллдар	Дәстүрлі жүйедегі баға		
A	4,0	95-100	Өте жақсы	Критериалды бағалау – айқын әзірленген критерийлер негізінде оқытудың нақты қол жеткізілген нәтижелерін оқытудан күтілетін нәтижелерімен ара салмақтық процесі. Формативті және жиынтық бағалауға негізделген. Формативті бағалау – күнделікті оқу қызметі барысында жүргізілетін бағалау түрі. Ағымдағы көрсеткіш болып табылады. Білім алушы мен оқытушы арасындағы жедел өзара байланысты қамтамасыз етеді. Білім алушының мүмкіндіктерін айқындауға, қиындықтарды анықтауға, ең жақсы нәтижелерге қол жеткізуге көмектесуге, оқытушының білім беру процесін уақтылы түзетуге мүмкіндік береді. Дәрістер, семинарлар, практикалық сабақтар (пікірталастар, викториналар, жарыссөздер, дөңгелек үстелдер, зертханалық жұмыстар және т.б.) кезінде тапсырмалардың орындалуы, аудиториядағы жұмыс белсенділігі бағаланады. Алынған білім мен құзыреттілік бағаланады. Жиынтық бағалау – пән бағдарламасына сәйкес бөлімді зерделеу аяқталғаннан кейін жүргізілетін бағалау түрі. МӨЖ орындаған кезде семестр ішінде 5 рет өткізіледі. Бұл оқытудан күтілетін нәтижелерін игеруді дескрипторлармен арақатынаста бағалау. Белгілі бір кезеңдегі пәнді меңгеру деңгейін анықтауға және тіркеуге мүмкіндік береді. Оқу нәтижелері бағаланады.	
A-	3,67	90-94			
B+	3,33	85-89	Жақсы	Формативті және жиынтық бағалау	
B	3,0	80-84		Дәрістердегі белсенділік	% мәндегі баллдар
B-	2,67	75-79		Практикалық сабақтарда жұмыс істеуі	5
C+	2,33	70-74		Өзіндік жұмысы	20
C	2,0	65-69		Коллоквиум	25
C-	1,67	60-64		Қорытынды бақылау (емтихан)	10
D+	1,33	55-59		ЖИЫНТЫҒЫ	40
D	1,0	50-54		100	
FX	0,5	25-49	Қанағаттанарлықсыз		
F	0	0-24			

**ОҚУ КУРСЫНЫҢ МАЗМҰНЫН ІСКЕ АСЫРУ КҮНТІЗБЕСІ (КЕСТЕСІ).
ОҚЫТУДЫҢ ЖӘНЕ БІЛІМ БЕРУДІҢ ӘДІСТЕРІ.**

Аптасы	Тақырып атауы	Сағат саны	Макс. балл
МОДУЛЬ 1 ӘКІМШІЛІК-ЮРИСДИКЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ ЖАЛПЫ СИПАТТАМАСЫ			
1	Д 1. Әкімшілік юрисдикцияның пәні, принциптері және жүйесі	2	-
	СС 1. Әкімшілік юрисдикцияның пәнін, принциптерін және жүйесін анықтап, зерделеу	4	5
2	Д 2. Әкімшілік-юрисдикциялық қызметтің түсінігі және құқықтық реттелуі	2	1
	СС 2. Әкімшілік-юрисдикциялық қызметтің түсінігі және құқықтық реттелу мәселелерін талдау	4	5
3	Д 3. Әкімшілік процесс жүйесіндегі әкімшілік юрисдикцияның орны	2	1
	СС 3. Әкімшілік процесс жүйесіндегі әкімшілік юрисдикцияның орнын анықтап, зерделеу.	4	5
	ОМӨЖ 1. МӨЖ 1 орындау бойынша кеңес беру. Тақырып: Әкімшілік процесс: түсінігі, мақсаты, принциптері, ерекшеліктері		
4	Д 4. Әкімшілік юрисдикция субъектілері	2	2
	СС 4. Әкімшілік юрисдикция субъектілерінің түрлерін, олардың құзіреттерін саралау	4	5
5	Д 5. Әкімшілік юрисдикцияны жүзеге асыру нысандары	2	2
	СС 5. Әкімшілік юрисдикцияны жүзеге асыру нысандары	4	5
	ОМӨЖ 2. МӨЖ 1 – қорғау. Әкімшілік процесс: түсінігі, мақсаты, принциптері, ерекшеліктері тақырыбында презентация жасау. Әкімшілік-рәсімдік өндіріс пен әкімшілік-юрисдикциялық өндіріс арақатынасын анықтау.		30
6	Д 6. Әкімшілік процесс: түсінігі, мақсаты, принциптері, ерекшеліктері	2	2
	СС 6. Әкімшілік процесс: түсінігі, мақсаты, принциптері және ерекшеліктеріне талдау жасау	4	5
	ОМӨЖ 3. Коллоквиум.		25
7	Д 7. Әкімшілік-юрисдикциялық өндіріс	2	2
	СС 7. Әкімшілік-юрисдикциялық өндірістің мазмұнын саралап, талдау	4	5
Аралық бақылау 1			100
МОДУЛЬ 2 ӘКІМШІЛІК ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚ ІСТЕР БОЙЫНША ІС ЖҮРГІЗУ (ӨНДІРІС)			
8	Д 8. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша іс жүргізу (өндіріс).	2	1
	СС 8. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша іс жүргізудің мәнін, міндеттері мен қағидаларын зерделеу	4	5
	ОМӨЖ 4. МӨЖ 2 орындау бойынша кеңес беру. Тақырып: Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға уәкілетті судьялар, лауазымды адамдар		
9	Д 9. Әкімшілік құқық бұзушылық бойынша іс қозғау	2	1
	СС 9. Әкімшілік құқық бұзушылық бойынша іс қозғау және іс қарау ерекшеліктерін анықтап, талдау	4	5
10	Д 10. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша істі қарау (тыңдау).	2	1
	СС 10. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғау кезеңінің түсінігі мен мақсатын, себептері мен негіздерін талдау	4	5
	ОМӨЖ 5. МӨЖ 2 – қорғау. Тақырып: Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға уәкілетті судьялар, лауазымды адамдардың қызметі (реферат)		25
11	Д 11. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істердің жекелеген санаттарын жүргізу ерекшеліктері	2	1
	СС 11. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істердің жекелеген санаттарын жүргізу ерекшеліктерін анықтап, талдау	4	5
12	Д 12. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша шешімдер мен қаулыларды қайта қарау	2	1
	СС 12. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша шешімдер мен қаулыларды қайта қараудың ерекшеліктерін анықтау	4	5
13	Д 13. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша қаулыны орындау	2	1
	СС 13. Атқарушылық өндірістің ұғымын, мәні мен мақсатын талдап, зерделеу.	4	5
	ОМӨЖ 6. МӨЖ 3 орындау бойынша кеңестер. Тақырып: Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша қаулыларға шағымдану, наразылық білдіру		
14	Д 14. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша іс жүргізуді қамтамасыз ету шаралары	2	2
	СС 14. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша іс жүргізуді қамтамасыз ету шараларын зерделеу	4	5
	МӨЖ 3 – қорғау. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша қаулыларға шағымдану, наразылық білдіру (жағдаяттық тапсырмаларды шешу)		25
15	Д 15. Әкімшілік-юрисдикциялық қызметте заңдылықты және адам құқықтарын қамтамасыз ету	2	2

	СС 15. Әкімшілік-юрисдикциялық қызметте заңдылықты және адам құқықтарын қамтамасыз етуді талдап, бағалау	4	5
	ОМӨЖ 7. Емтихан сұрақтарына дайындық бойынша кеңес беру		
Аралық бақылау 2			100
Қорытынды бақылау (емтихан)			100
Пән үшін жиынтығы			100

Декан _____ Байдельдинов Д.Л.

Кафедра меңгерушісі _____ Ибраева А.С.

Дәріскер _____ Мынбатырова Н.Қ.

